«БІЗ ҚЫТАЙДАН ЕУРОПАҒА ЖӘНЕ ЕУРОПАДАН ҚЫТАЙҒА ТРАНЗИТТІК ЖҮКТЕРДІҢ ДЕ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІЛЕРДІҢ ЭКСПОРТТЫҚ ЖҮКТЕРІНІҢ ДЕ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІНІҢ СЕРПІНДІ ӨСУІН КӨРІП ОТЫРМЫЗ... 2023 ЖЫЛДЫҢ СЕГІЗ АЙЫНДА ОЛ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ СӘЙКЕС КЕЗЕҢІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 85 ПАЙЫЗҒА ӨСІП, 1,7 МИЛЛИОН ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ».



Ерлан ҚОЙШЫБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ логистика бойынша басқарушы директор


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№83-84 (2900-2901)
06/10/2023


## МЕНЯЮЩИЙСЯ ТРАНСПОРТНЫЙ КАРКАС ЕВРАЗИИ

**26-я Казахстанская международная выставка «Транспорт и Логистика» TransLogistica Kazakhstan и VI Международный транспортно-логистический бизнес-форум New Silk Way состоялись в Астане в рамках Казахстанской транспортной недели. Представители ҚТЖ приняли активное участие в мероприятиях, презентовали проекты, подписаны международные меморандумы и соглашения.**



**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана

В столицу Казахстана для участия в масштабном событии прибыли делегаты, представители бизнеса, руководители министерств и международных организаций. Кроме того, в Астану приехали министры транспорта ЕЭК, Турции, Узбекистана, Таджикистана и Кыргызстана, а также заместители руководителей министерств Азербайджана, Болгарии, Грузии и Латвии.

Министр транспорта РК Марат Карабаев открыл выставку TransLogistica Kazakhstan и форум New Silk Way. Глава ведомства обратился к участникам с приветственной речью.

– Выставка и форум посвящены перспективам развития транспортно-коммуникационного комплекса Евразийского континента. Они уже много лет по праву считаются самыми эффективными площадками для обсуждения профессиональных проблем и поиска практических путей их решения, а также диалога представителей госструктур и бизнеса. Многоплановое деловое общение на выставке и форуме позволит конструктивно обсудить актуальные проблемы развития транспортной отрасли и наметить пути дальнейшего эффективного развития в современных экономических условиях, – сказал министр.

Он напомнил, что Казахстан, находясь в центре важных транспортных линий материка, представляет собой надежного партнера и транзитный мост между Азией и Европой, о чем свидетельствует международный состав участников выставки и форума.

Он также выразил уверенность, что мероприятие станет полезным для укрепления долгосрочных и взаимовыгодных партнерских отношений участников и гостей. Участниками выставки стали 225 компаний из разных стран мира, среди которых были представлены национальные и коллективные стенды




Республики Беларусь, Латвии, Литвы, Финляндии, Эстонии.

В рамках Казахстанской транспортной недели участников ждала насыщенная деловая программа – VI Международный транспортно-логистический бизнес-форум New Silk Way и конференции: «Рынок складской логистики в Казахстане», «Развитие портов, терминалов и судоходства в Каспийском море», «Рынок транспорта и логистики».

На бизнес-форуме эксперты и участники из 25 стран Европы, Ближнего Востока, Кавказа, Центральной и Юго-Восточной Азии обсудили вопросы сотрудничества и интеграции транспортных систем, развитие маршрута Среднего коридора, а также новые технологии и инновации в области мультимодальных перевозок, повышение эффективности транспортировки грузов и улучшение условий поставок. Помимо деловой программы, состоялись двусторонние встречи и переговоры с участием руководства отраслевых министерств, ведомств, ассоциаций и международных компаний.

**ВНИМАНИЕ – ИНФРАСТРУКТУРЕ И ТРАНЗИТУ**

На панельных сессиях участники дискутировали о перспективах Среднего коридора, об инновациях в области мультимодальных перевозок и повышении эффективности транспортировки грузов.

Отмечен высокий спрос на транзит по железным дорогам Казахстана. За восемь месяцев 2023 года транзитный грузооборот вырос на 25% и достиг 35,8 миллиарда тонно-километров нетто. Контейнерный транзит увеличился на 26%. Акцентировано внимание на растущих перевозках по Транскаспийскому международному маршруту. С начала 2023 года объем перевозок по маршруту увеличился на 85% к аналогичному периоду 2022 года и составил 1,7 миллиона тонн.

Для обеспечения пропуска увеличивающегося грузопотока ҚТЖ ведет работу по расширению инфраструктуры Казахстана. Это – возведение новых и модернизация существующих железнодорожных путей. Ведется строительство вторых путей Достык – Мойынты. Запланировано строительство участка Дарбаза – Мактаарал, обводной дороги вокруг Алматы, открытие третьего пограничного перехода с Китаем (Бахты – Аягоз). Проводится строительство и реконструкция терминалов морских и сухих портов.

Подчеркнуто, что в течение трех лет ҚТЖ планирует построить порядка 1 300 километров пути. Это позволит значительно увеличить транспортный потенциал страны, повысить эффективность перевозки экспортной продукции и увеличить скорость поездов по стране.

**МЕМОРАНДУМЫ С ПРИЦЕЛОМ НА РАЗВИТИЕ**

Также в рамках VI Международного транспортно-логистического бизнес-форума New Silk Way состоялось подписание международных меморандумов и соглашений, которые позволят значительно увеличить транспортный потенциал страны, а также повысить потенциал транзитно-транспортных коммуникаций.

Меморандум о взаимопонимании между АО «KTZ Express» и компанией Rail Cargo Austria AG, а также соглашение о сотрудничестве с DB Cargo Eurasia позволят обеим сторонам нарастить объемы перевозимых грузов и применить новые подходы в сфере транспортной логистики.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

*Продолжение темы на стр. 4-5*



**Сун СЮДЭ,**
заместитель генерального директора ГК «Китайские железные дороги»:

«В ТЕЧЕНИЕ 10 ЛЕТ ПОСЛЕ ВЫДВИЖЕНИЯ ИНИЦИАТИВЫ «ОДИН ПОЯС – ОДИН ПУТЬ» КИТАЙСКИЕ ЖЕЛЕЗНЫЕ ДОРОГИ ПРИЛАГАЮТ СОВМЕСТНЫЕ УСИЛИЯ С ЗАИНТЕРЕСОВАННЫМИ СТОРОНАМИ, ПРИДЕРЖИВАЯСЬ ПРИНЦИПОВ СОВМЕСТНОГО СОГЛАСОВАНИЯ, СТРОИТЕЛЬСТВА И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ЧТО ДАЕТ ЗНАЧИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ. НАША КОМПАНИЯ УДЕЛЯЕТ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ РАЗВИТИЮ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК, УСКОРЯЯ СОЗДАНИЕ ЛОГИСТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ»

**ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:**

ДИНАМИКА ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ ПО МАРШРУТУ ТМТМ ЗА ЯНВАРЬ – АВГУСТ 2023 ГОДА СОСТАВИЛА БОЛЕЕ

**1,7 млн тонн**

БОЛЕЕ

**9 млн**

ПАССАЖИРОВ ПЕРЕВЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕРЕВОЗЧИК КАЗАХСТАНА С НАЧАЛА ГОДА

### Әріптестік

## ҚАЗАҚСТАН – БЕЛАРУСЬ: транзиттік тасымалды дамытуға мүдделі

**Астанада Беларусь Республикасы мен Қазақстан арасында жүк тасымалдау процесінде теміржол саласының көліктік-логистикалық әлеуетін дамытуға арналған халықаралық дөңгелек үстел өтті.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Қазақстандық және беларусьтік бизнес өкілдері, экспорттаушылар, ірі жүк жөнелтушілер, көлік қауымдастығы мен одақтарының өкілдері қатысқан жиында жүк тасымалдауды ұйымдастырудағы өзара іс-қимылдың, Қытай-Еуропа-Қытай дәлізі бойынша, сондай- ақ Каспий теңізінің теңіз порттары арқылы өтіп, Түркия және Еуропа елдеріне бағытталған тасымалдаудың негізгі мәселелері талқыланды. Екі елдің теміржол әкімшіліктерінің негізгі міндеті жүк жөнелтушілердің мүддесі үшін инфрақұрылымдық әлеуетті дамыту, жылжымалы құрамдар сатып алу және қауіпсіз темір жол қозғалысын қамтамасыз ету болып табылатыны атап өтілді.

– ҚТЖ экспортты белсенді түрде арттыруды және контейнерлік тасымалдау географиясын әртараптандыруды жалғастыруда. Қытай, ТМД елдері және Орталық Азия бағытында контейнерлердегі қазақстандық жүктерді жеткізудің логистикалық желілері құрылды. ҚТЖ транзиттік және экспорттық тасымалдауды одан әрі дамыту үшін Достық – Мойынты учаскесінде екінші жол салуда. «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісін, Алматы торабын айналып өтетін айналма темір жол салу жобалары жоспарлануда, бұл транзиттік жүк ағынын жаңа қысқа бағытқа ауыстыруға және Алматы торабын орта есеппен 30-40%-ке жеңілдетуге мүмкіндік береді. Қытаймен үшінші шекара өткелін және Бақты – Аягөз темір жол учаскесін салу мәселесі қарастырылуда. Тартымды жылжымалы құрамды



жаңарту мәселесі шешілуде, – деп атап өтті өз сөзінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Владимир Петров.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС маркетинг жөніндегі атқарушы директоры Вадим Копылов алға тартқан мәліметке сүйенсек, ағымдағы жылдың сегіз айында Беларусь пен Қазақстан арасындағы теміржол көлігімен тасымалданған жүк көлемі 4,7 млн тоннаны құраған, бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 622 мың тоннаға немесе 15,3% артық болып отыр. Соның ішінде Қазақстаннан экспорт – 30%, Беларусь Республикасынан импорт – 21% және де екі елдің темір жолдарының қатысуымен транзит 8% өскен.

Атап өтерлігі, Қазақстаннан көмір экспорты 950 мың тоннаны құраған, былтыр бұл жүк түрі мүлдем экспорттталмапты, сондай-ақ химиялық және минералдық тыңайтқыштардың Беларусь еліне жөнелтілуі өткен жылға қарағанда 30 есе өскен. Ал елімізге аталған елден орман материалдары импортталған және өткен жылға қарағанда екі есеге артқан.

– Қазақстанның экономикалық саясатының басымдыққа ие бағыттарының бірі транзиттік көлік әлеуетін іске асыру болмақ. Бұл бағытта ҚТЖ белсенді жұмыс жүргізуде. Контейнерлік сегмент пен мультимодальды сервис тоқтаусыз дамуда. Негізгі транзиттік дәліз Қытай – Еуропа – Қытай, бұл бағдарда Қазақстан, Ресей, Беларусь үш темір жол әкімшіліктері арасында құрылған ОТЛК ЕРА бірлескен кәсіпорны табысты жұмыс істеп жатыр, – деді Вадим Копылов.

Халықаралық дөңгелек үстелдің өтуіне мүдделілік танытқан беларусьтік теміржол компаниясы өкілдері жүк тасымалы, контейнерлік жүк тиелімінің дамуы хақында деректермен бөлісіп, екі ел арасында транзиттік көліктік тасымалды әрмен қарай дамытуға дайын екендіктерін жеткізді. Жүк жөнелтушілер де сөз алып, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ұсыныстарын айтты.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ПРОДУКТИВНОЕ НАДЕЖНОЕ ПАРТНЕРСТВО

**Руководители железных дорог Кыргызстана и Казахстана встретились в Астане. Стороны обсудили актуальные вопросы в организации грузоперевозок и отметили увеличение объемов перевозок груза по итогам девяти месяцев 2023 года.**

Объем перевозок грузов железнодорожным транспортом между странами вырос на 10% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и составил четыре миллиона тонн.

Транзит в Кыргызстан через территорию Казахстана вырос до 2,6 миллиона тонн (+11%). Экспорт из Казахстана в Кыргызстан составил 1,5 миллиона тонн (+16%).

Стороны в полном объеме согласовали планы совместных перевозок по транзиту грузов через территорию Казахстана, в первую очередь социально значимого характера.

На октябрь 2023 года АО «НК «ҚТЖ» согласовало объем транзита нефтепродуктов в объеме 144 тысяч тонн. При этом 24,5 тысячи тонн нефтепродуктов находится в пути следования в Республику Кыргызстан.

Таким образом, на встрече отмечено, что проблемных вопросов по прохождению транзитных грузов по Казахстану в Кыргызстан, в том числе нефтепродуктов, не имеется.

Информация об остановке транзита ГСМ по территории Казахстана является недостоверной и не соответствует действительности, опасения по поводу возникновения дефицита нефтепродуктов на рынке Кыргызстана являются беспочвенными.

Железнодорожные администрации Кыргызстана и Казахстана полностью контролируют передвижение грузов и находятся в тесном контакте в целях обеспечения бесперебойной и стабильной доставки грузов до мест назначения.

Согласно достигнутым договоренностям, ҚТЖ обеспечит своевременное согласование поступающих транзитных грузов по территории Республики Казахстан в/из Кыргызской Республики.

*Айлин БАУРЖАН*

## ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

САПА

**Магистральдық желі дирекциясы Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыру бағдарламасы шеңберінде өндірістік, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар мен үй-жайларға жөндеу жүргізуде.**

Жөндеу жұмыстарының үлкен көлемі 9 материалдық-техникалық жабдықтау базасында өтіпті. Айталық, Алматы материалдық-техникалық жабдықтау базасының қызметтік үй-жайлары санитарлық талаптарға сәйкестендіріліп, еден жабындары ауыстырылған. Сондай-ақ қабырғаларды әктеу және сырлау бойынша қажетті жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылыту жүйесі жаңартылған.

Ал Ақтөбе базасы қажетті санитарлық-тұрмыстық және киім-кешек бөлмелерімен, тамақтану бөлмелерімен жабдықталған. Ондағы жиһаз жаңартылып, жаңа тұрмыстық техника сатып алыныпты. Жұмыстардың қажетті жөндеу көлемі ҚТЖ желісі бойынша материалдық-техникалық базалардың барлық объектілерінде орындалуда.

## КӨМІР САУДАСЫ ҚЫЗҒАН

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Ақтөбе

МАУСЫМ

**Ақтөбедегі теміржол тұйықтары әлеуметтік көмірмен толық қамтамасыз етіліп, көмір саудасы қызған шақ. Бүгінгі күні халыққа пайдалануға арналған 2,2 мың тонна көмір қоры жасақталып, жергілікті тұрғындарға таратылуда.**

Ақтөбе облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы ұсынған мәліметтерге сүйенсек, өңірде қатты отын тапшылығы жоқ. 312-атқыштар дивизиясы және 41-разъездегі теміржол тұйықтарында жеткілікті мөлшерде көмір бар, тиеу мен тасымалдауда еш қиындық жоқ, барлық қолайлы жағдай жасалған. Биылғы жылы көмірдің тоннасы 20 500 теңгеден болып белгіленген. Басқарма мәліметінше, темір жол қызметінен кедергі мен қиындық туындамаған. Алыс станцияларға қажеттілікке байланысты жеткізіледі. Күннің салқындауына байланысты соңғы аптада теміржол тұйықтарында қимыл-қозғалыс күрт жанданып, көмір саудасы қызып тұр. Сәл күнде жылыту маусымы да басталмақ.

## ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯҒА БАСЫМДЫҚ БЕРМЕК

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

ЖОБА

**ҚТЖ компаниясы 2027 жылдан бастап сутегімен жүретін локомотивтер сатып алып, логистикалық компаниялар алдындағы экологиялық имиджін жақсартпақ.**

Әуе мен теңіз көлігіне қарағанда қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды әлденеше рет аз шығаратынына қарамастан, теміржол саласында да жетілдіруді қажет ететін тұстар жетерлік. Сондықтан «Қазақстан темір жолы» жасыл сутегімен жүретін локомотивтер сатып алуды жоспарлап отыр. Осылайша локомотив паркінде жасыл энергетикаға басымдық берілмек. Сонымен қатар, газбен жүретін локомотивтер сатып алуға да келісімге қол қойылған. Газ да жасыл технологияға жатады. Яғни, жасыл технология логистика саласына келіп жатыр. Ірі компаниялармен келіссөз жүргізгенде жобаның құнымен бірге жүктің әр тоннасына қанша шығарынды келетіні нақты жазылады. Үлкен компаниялардың бәрі логистикалық өнім сатқанда міндетті түрде көміртегі ізін көрсетіп отырады.

## КОМПАНИЯ ҰСТАНЫМЫ – ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

**Еңбекті қорғау, интеграцияланған өндірістік қауіпсіздік жүйесін арттыру – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жұмысының маңызды желісі. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Жолаушылар тасымалы» АҚ кәсіподақ ұйымы мен «Батыс» филиалының бірлескен жұмыстары нәтижесінде Ақтөбеде өткен семинар-тренинг қауіпсіздік пен еңбек қорғау тақырыбына арналды.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе





«ҚТЖ» ҰК» АҚ техникалық саясат департаментінің бас менеджері Сұңғат Назыров, «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас инженері Қайрат Қанапин, «Қакөліккәсіп» ҚБ еңбек қорғау бойынша бас инспекторы Қайрат Мұқанов, тағы басқа жетекші мамандар қатысқан білім жетілдіру семинарына еліміздің барлық өңіріндегі қауіпсіздікке жауапты инженерлер мен участок басшылары арнайы шақырылған.

Семинар-тренингте сапалы қызмет жобасын жетілдіру, өндірістегі қауіпсіздікті арттыру, ұжымдық мәдениетті қалыптастыру тақырыптары жан-жақты талқыланды. «Вагонсервис» компаниясында жарақаттарды азайту жұмыстары бойынша баяндамалар оқылып, нөлдік жарақатқа қол жеткізудің мақсаттары айқындалды. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі техникалық инспекторлар мен кәсіподақтар рөлі терең де жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар еңбек қауіпсіздігінің мәдениеті, тәуекелдерді басқару, қауіп-қатерді бағалау мәселелері мысалдармен айтылды.

– Шара бір күндік болса да үлкен маңызға ие. Бұрынғы қателіктермен жұмыс істеп, пікір алмастық. Тәжірибе алмасу да маңызды болды. Мұндай жиын жұмысты әрі қарай жандандыруға, жаңа дүниелерді енгізуге септігін тигізеді. Алдағы уақытта жемісін береді деп ойлаймыз. Семинар-трениг тақырыбы негізінен өндірістегі жарақатты болдырмау, еңбек қауіпсіздігі жайында өрбіді, – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның бас инженері Қайрат Қанапин.

Іс-шара жоспарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласы қызметкерлерін, қауіпсіздік мәдениеті бойынша жоғары және орта буын басшыларын оқыту көзделген.

– Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру біздің компания үшін маңызды. Қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлқын және оның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне қатысуын осындай кездесулер арқылы ынталандырып отыру да дәстүрге айналған. Өзара тәжірибе алмасып, диалог түрінде сұрақ-жауап ұйымдастыру арқылы ұжымдық байланыс нығаяды, – деді пікір білдірген «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалының бас инженері Қайрат Әбдіров.

Семинар барысында тренер мен қатысушылар арасында шынайы диалогтық байланыс орнап, тақырыпқа сай ойындар ұйымдастырылды. Арнайы шақырылған заңгерлер еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау тақырыбын терең түсіндіріп, өндірістегі қауіпсіздік заңнамадағы өзгерістер жайлы мағлұмат берді. Оқыс оқиғалар мен заң тұрғысынан баға беруге қатысты сұрақтар болды.

– Өндірістегі қауіпсіздіктің жетекшісімін. Семинар өте қызықты өтті. Интеллектуалдық ойындардың тақырыптары тартымды болды. Инженерлерден метрология, стандарттау стратегиясы талап етіледі. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені жетілдіру жұмыстары халықаралық талапқа сай. Техникалық реттеу нормалары, заң аясындағы тақырыптар тереңдетіп түсіндірілді, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ техникалық саясат департаментінің бас маманы Сұңғат Назыров.

Семинарға қатысқан инженерлер қауіпсіздік тақырыбында лозунг ойлап жарысты. Тапқырларға естелік сыйлықтар табысталды. Сұрақ-жауап, диалогқа белсенді атсалысқандар сертификаттарға ие болды.

– Семинар жоғары деңгейде өтті. Еңбек қорғау мәселелеріне қатысты сұрақтар көп болды. Оны түсіндірудің өзі ерекше тәсілмен таңдалған. Есте сақталу үшін мысалдармен талқыға салу арқылы түсіндірілді. Еңбекті қорғау дегеніміз не? Әр теміржолшы, әр адам ең бастысы өндірісте өзін қорғау керек. Қателікке жол бермеу керек. Еңбек қорғаудың басты ұстанымы сол. Шынтуайтына келгенде, қауіпсіздік пен еңбек қорғау – егіз ұғым. Теміржолшылар арасында кәсіподаққа деген сенім артып келеді. Түрлі жағдайда хабарласып көмек сұрайтындар көбейген. Мұндай кездесулер сенімділікке негіз болып, біліктілікті арттыра түсетіні сөзсіз. Өндірістік қауіпсіздікке жауапты қызметкерлердің ұйымдастыруымен өткен бүгінгі шара барлық учаскедегі инспекторлар мен кәсіподақ ұйымдары үшін де тиімді болғанын айтып өтуге тиіспіз, – деді қауіпсіздіктің ең басты лозунг екенін айтқан «Казкөліккәсіп» АҚ еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспектор Қайрат Мұқанов.

Өндірістік қауіпсіздік және экология бойынша топ басшысы Айгүл Әкімжанова «Өндірістегі қауіпсіздік – ұжымдық мәдениеттің бір бөлшегі» сияқты ауқымды тақырып, өндірістік қауіпсіздікті басқару принциптері жақсы талқыланған бүгінгі басқосудан күтеріміз көп» деп қорытындылады.

*Суреттерді түсірген автор*

## ТЕОРИЯДАН – ТӘЖІРИБЕГЕ

**Маңғыстауда «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы» құзыреттілігі бойынша кәсіби шеберлік республикалық байқауының облыстық кезеңі өтті.**

**Айсұлтан АРМАН,**
Маңғыстау

Ақтау көлік колледжінің ұйымдастыруымен Маңғыстау жол дистанциясының оқу-жаттығу алаңында өткен байқауға облыстың техникалық және кәсіптік, арнайы орта білім беру мекемелерінің пән мұғалімдері мен теміржолдағы өндірістік оқыту шеберлері қатысты. Олар үш кезеңнен тұратын тапсырмаларды орындап, өз біліктілігін сынады. Яғни қатысушылар темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы маманының теориялық білімін тексеру, темір жолды ағымдағы күтіп ұстау және жөндеу бойынша қарапайым жұмыстарды орындау және тиісті техникалық құжаттаманы толтыра отырып, жолдың бағыттамалы бұрмаларының геометриялық параметрлерін бақылау, темір жолда жол жұмыстарын жүргізу, РДМ-22 ақаутапқыш арбасымен жұмыс жасау, жұмыс орындарын қоршау бойынша тапсырманы орындау сынды сынақтардан өтті.



Сайысқа Ақтау көлік колледжінің өндірістік оқыту бөлімінің аға шебері Ақжігіт Ахмедов пен Маңғыстау жол дистанциясының №3 өндірістік телім басшысының орынбасары Нұрболат Ғұбашов төрешілік етті.

Сынақ қорытындысы бойынша бірінші орынды Маңғыстау жол дистанциясының өндірістік оқыту шебері Болат Абатаев, екінші орынды Бейнеу политехникалық колледжінің ұстазы Ерболат Бекқалиев алды. Үшінші орын Ақтау көлік колледжінің арнайы пән оқытушысы Аида Серікбаеваға бұйырды.

Орайы келгенде айта кетсек, Маңғыстау жол дистанциясы Ақтау көлік колледжімен тығыз байланыста. Қазір осы колледждің «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы» мамандығы бойынша оқитын 3-курс студенттері дистанцияда өндірістік тәжірибеден өтуде. Оларға жоғарыда аталған байқауда бірінші орын алған оқыту шебері жетекшілік етіп, теміржолдағы жұмыстың қыр-сырын үйрететін болады.

– Өндірістік тәжірибеден өтетін болашақ теміржолшы жастарды мамандыққа баулу – біздің міндетіміз. Мұнда келген студенттер ағымдық жөндеу жұмыстары, бағыттама бұрмалардағы ағымдық жұмыстар, шпалды біртіндеп ауыстыру, ақаутапқыш арбашасының жұмысы, жұмыс орнын қоршау, жол диспетчерінің міндеті, жалпы дистанциядағы мамандардың атқаратын жұмысымен танысады. Теориялық білімін тәжірибемен шыңдап, өздері таңдаған мамандықтың алғашқы баспалдағынан өтеді. Бұл болашағын осы саламен байланыстырғысы келетін жастар үшін таптырмас мүмкіндік, – дейді дистанцияның өндірістік оқыту шебері Болат Абатаев.

*Суретті түсірген автор*

## КӨПІР САЛЫНЫП ЖАТЫР

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Аса қауіпті аймақ саналатын теміржолда адамдар қауіпсіздігі – маңызды мәселе. Елді мекендерді кесіп өтетін теміржолдан әрілі-берілі өтетін тұрғындар үшін арнайы өткелдер мен аспалы көпірлер салу – қай кезде де өзекті тақырып. Осы бағытта Қызылорда темір жолында бірнеше ауқымды жоба қолға алынып отыр.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Жыл басында Белкөл станциясында жаяу жүргіншілер көпірі пайдалануға берілсе, бірнеше жылдан бері айта-айта жауыр болған мәселе – қаланың Шұғыла және КБИ тұрғын аудандары арасынан өтетін теміржол бойында салынып жатқан көпір қазан айында пайдалануға берілмекші. Өткен түні арнайы толаскез беріліп, көпірдің металдан құрастырылған аркалы ұстыны қойылды. Нысанның сметалық-технологиялық құжаттарға сай салынуын қадағалап жүрген Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжанов көпір құрылысының басым бөлігінің аяқталып, осы ай ішінде пайдалануға берілетінін білдірді. Теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысын «Гүлнұр МК» серіктестігі жүргізіп жатыр. Және дәл осындай көпір Жалағаш ауданының орталығында да салынуда, ол көпірдің де құрылысын аталған мекеме құрылысшылары жүргізіп жатыр және жақын күндерде пайдалануға беретін болады.

– Бөлімшенің Қызылорда – Белкөл станциялары аралығында салынып жатқан көпір құрылысы аяқталуға жақын. Құрылыстың қарқынды жүргізілуі үшін теміржолшылар тарапынан кедергі болып жатқан жоқ. Дер кезінде толаскез беріліп, жұмыс үдерісі қадағалануда. Мәселен, өткен түні сағат 00.40-тан 03.40 дейін үш сағат, бүгін таңертең сағат 08.00-ден бастап сағат 10.00 дейін екі сағат, жалпы бес сағаттық толаскез берілді. Көпір темірбетон және металлконструкциядан салынып жатқандықтан бекітпелердің берік бекітілуі, бетон бағандардың сапалы құйылып, дұрыс орнатылуы, бұрыштардың құрылымы секілді технологиялық ерекшеліктердің дәлме-дәл сақталып, жалпы құрылыс жұмысының сапалы жүргізілуін назарда ұстап отырмыз, Қызылорда жол дистанциясының мамандары құрылысшылармен бірге жұмыс басында жүр, – деді бөлімшенің бас инженері Берік Бекжанов.

Осыған дейін қаланың Шұғыла және КБИ тұрғын аудандары арасында қатынаған халық теміржолды кесіп өтіп, өмірін қатерге тігуге мәжбүр болып келген еді, ол туралы талай рет жаздық та. Қайғылы жағдайлар да болмай қалған жоқ.

– Шұғыладағы мектепке қатынаған балалар теміржолдан қалай өтті екен деп жанымызды шүберекке түйіп отырушы едік. Көпір салынып жатқанын күнде көріп уайымымыз сейіліп келеді. Енді сәл шыдамдылық танытсақ, су жаңа көпірді пайдаланатын боламыз, – дейді КБИ ауданының тұрғыны Асан Нұржанов.

– Салынып жатқан нысанның негізгі тірегі мен көпір табаны темірбетоннан, аркасы мен баспалдақтары металлконструкциялы болып бекітілген, екі басында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған 2 жеделсаты (лифт) салынуда. Құрылыс жұмысының басым бөлігі атқарылды, бүгін көпір аркасы салынды, апта соңында көпір табанын орнату жоспарлануда, жалпы осы айда толық бітіп, пайдалануға берілетін болады, – дейді көпір құрылысының жұмыстарын үйлестіруші «Гүлнұр МК» ЖШС участок бастығы Әлімхан Сағындықов.

*Суретті түсірген автор*

# КОЛЛЕКТИВ НАЦЕЛЕН НА УСПЕХ

ИНФРАСТРУКТУРА

**Коллектив Алтынкольской дистанции пути прилагает максимум усилий в стратегическом развитии приграничной станции, обеспечении качественного содержания пути, устройств и сооружений для бесперебойного транспортного потока и продления сроков службы элементов пути.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы



Только за сентябрь текущего года промерено 282,541 километра, средняя балловая оценка по дистанции пути составила 28 баллов – качественная оценка содержания пути – «отлично», при плане балловой оценки 38 баллов исполнение на 136%.

В рамках проведения профилактических мероприятий по Алтынкольской дистанции пути проведены ознакомительные и разъяснительные беседы по правилам выпаса и прогона скота вблизи железнодорожного полотна с близлежащими населенными пунктами и крестьянскими хозяйствами с вручением 767 выписок. Совместно с работниками ЛОП станции Алтынколь проведено 11 рейдов.

Более того, с правилами проезда автотранспорта через железнодорожный переезд ознакомлены 568 водителей. Проведено четыре собрания, направлено 25 служебных писем в акиматы пяти районов Алматинской области с целью оказания содействия по злободневной проблеме – выпас и прогон скота.

В июне текущего года на участке Алтынкольской дистанции пути была произведена работа по удлинению рельсовых плетей длиной до перегона с применением сварочной машины с предварительной разрядкой температурных напряжений естественным способом. Температура закрепления составила от +30 до +35 С. При этом были сварены 23 пары плетей общей длиной 18,59 километра пути. Сварено 210 стыков, устранено семь временно восстановленных мест.

Уникальность дистанции пути состоит еще в том, что в настоящее время эксплуатируются 200 километров бесстыкового пути длиной до перегона. Общая длина эксплуатируемых рельсовых плетей без учета уравнительных рельсов 269,755 километра, с учетом уравнительных пролетов – 274,78 километра. Его еще называют «бархатный путь», где поезда двигаются плавно и практически бесшумно. Достигается этот эффект за счет особой укладки железнодорожного полотна.

В нынешнем году специалистами дистанции были уложены три стрелочных перевода в разъездах Курозек, Екпенды. А также на станции Алтынколь произведена смена деревянных на железобетонные брусья.

Общий план строительства скотоизгороди по ПЧ-62 на 2023 год составил 12 километров. Фактически построено 12 километров на перегоне Жинишкесу – Шелек. Отремонтировано 15,4 километра скотоизгороди на перегоне Жетыген – Курозек и Жинишкесу – Шелек.

Специалистами выполняются берегоукрепительные работы на реке Хоргос. Разработаны мероприятия по укреплению русла реки, недопущению разлива вод.

Как проинформировал главный инженер Алтынкольской дистанции пути Кайрат Аймбаев, произведена работа по расчистке русла реки с применением необходимой техники.

*Фото автора*

# НЕ СНИЖАЯ ОБОРОТОВ

ПОГРУЗКА

**Не снижая темпа, продолжают трудиться костанайские железнодорожники, месяц от месяца увеличивая либо исполняя объемы отгрузки.**



**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Вот и по итогам очередного месяца, как сообщил исполняющий обязанности заместителя директора по логистике филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Канат Алшоразов, железнодорожникам региона удалось успешно выполнить и перевыполнить планы по отдельным основным видам номенклатуры.

В частности, руды цветной при техническом плане в 9 610 вагонов фактически погружено 9 622. То есть погружено выше плана на 1,1 тысячи тонн, что тоже неплохо. Тем более, что в сравнении с аналогичным периодом прошлого года погрузка цветной руды увеличена на 176 тысяч тонн. Далее строительные материалы: при техническом плане в 144 вагона фактически погружено 290, что выше плана на 11,3 тысячи тонн. Что касается еще одной важной номенклатуры – огнеупоров, то касательно их при техническом плане в 424 вагона погружено 462. В сравнении с аналогичным периодом прошедшего года, погрузка огнеупоров в регионе возросла на 10,2 тысячи тонн.

В целом же по итогам ушедшего месяца, как подчеркивает Канат Алшоразов, в Костанайском регионе отгружено 35 169 вагонов, или два миллиона 290,6 тысячи тонн. В среднем в сутки на станциях региона отгружалось по 1 172 вагона.

*Фото автора*

# ОСЕННЯЯ АВТОТОРМОЗНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ В УСТЬ-КАМЕНОГОРСКЕ

БЕЗОПАСНОСТЬ

**Особенности подготовки, обслуживания, эксплуатации автотормозов подвижного состава в осенне-зимний период работы рассмотрели на совместной осенней автотормозной конференции, которая прошла в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22).**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Участие в мероприятии приняли первые руководители и представители этого предприятия, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24), ревизорский аппарат. Вторая часть конференции посвящалась разработке мероприятий, рекомендаций по недопущению случаев неисправности систем в работе, взаимодействию смежных служб при возникновении нестандартных ситуаций.

Открывая конференцию, начальник ТЧЭ-22 Дархан Кажигулов отметил, что она проходит, согласно телеграфному указанию от 11 сентября 2023 года за подписью исполняющего обязанности заместителя генерального директора по оперативной работе ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Мухтара Жамбулова. Главный региональный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» по Восточно-Казахстанскому участку Айдын Огузбаев рассмотрел неправильные действия причастных работников, допустивших случаи инцидентов и нарушений, сообщил о замечаниях, выявленных во время выполнения внезапных проверок ревизорским аппаратом. Региональный ревизор Ерлан Абайдельдинов рассказал об ответственности в части обеспечения безопасности движения, недопустимости случаев халатного отношения работников при выполнении своих должностных обязанностей.

Исполняющий обязанности ВЧД-24 Саят Байжуминов напомнил о необходимости повышения качества обслуживания автотормозного оборудования вагонов, рассказал о положительных сторонах и выявленных замечаниях, допущенных в результате проведенных проверок работы по подготовке тормозного оборудования и обслуживания готовых к отправлению пассажирских и грузовых поездов.

– Всеми локомотивными бригадами прорабатывают порядок их действий при наступлении сложных метеорологических условий, замерзании аппаратов и агрегатов, обеспечивающих нормальную работу локомотива, отказе тормозов или недостаточном тормозном эффекте в пути, в аварийных и нестандартных ситуациях, – отметил Рустем Мусекенов, со всеми локомотивными бригадами прорабатывают порядок их действий при наступлении сложных метеорологических условий, замерзании аппаратов и агрегатов, обеспечивающих нормальную работу локомотива, отказе тормозов или недостаточном тормозном эффекте в пути, в аварийных и нестандартных ситуациях.

Для первозимников-машинистов и помощников машиниста

> **СО ВСЕМИ ЛОКОМОТИВНЫМИ БРИГАДАМИ ПРОРАБАТЫВАЕТСЯ ПОРЯДОК ИХ ДЕЙСТВИЙ ПРИ НАСТУПЛЕНИИ СЛОЖНЫХ МЕТЕОРОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ, ЗАМЕРЗАНИИ АППАРАТОВ И АГРЕГАТОВ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИХ НОРМАЛЬНУЮ РАБОТУ ЛОКОМОТИВА, ОТКАЗЕ ТОРМОЗОВ ИЛИ НЕДОСТАТОЧНОМ ТОРМОЗНОМ ЭФФЕКТЕ В ПУТИ, В АВАРИЙНЫХ И НЕСТАНДАРТНЫХ СИТУАЦИЯХ.**

Машинист-инструктор Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Рустем Мусекенов в первую очередь напомнил машинистам со стажем менее года, как приводить в действие автотормоза на крутых спусках, а также рассказал об особенностях обслуживания тормозов и управления ими в зимних условиях, обязанностях локомотивных бригад, осмотрщиков вагонов и слесарей по ремонту подвижного состава. В ТЧЭ-22, проводят не менее двух технических занятий дополнительно к основным четырем занятиям в месяц. Также дополнительно машинисты-инструкторы ведут с ними сезонную техническую учебу по особенностям управления, уходу за автотормозами при низкой температуре окружающего воздуха. Сейчас в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо работают 12 машинистов со стажем работы менее года. Командно-инструкторский состав ТЧЭ-22 тщательно анализирует причины не правильного управления автотормозами на участках своего обслуживания.

– Для обеспечения безопасности движения поездов требуется точное и своевременное выполнение требований приказов и действующих инструкций каждым участником перевозочного процесса, – заключил Рустем Мусекенов. – Необходимо постоянно работать над повышением своего уровня технических знаний, не оставаться безразличным при исполнении своих должностных обязанностей, искать новые варианты и возможности.

Также с докладом выступил инструктор по буксовому узлу и автотормозам Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Нурлан Наурзбаев. Он рассказал о состоянии безопасности движения поездов и эксплуатационной работе по ВЧД-24 за восемь месяцев текущего года плане мероприятий предприятия по работе на предстоящий зимний период 2023-2024 годов.

– Наступает осенне-зимний период, негативно влияющий на стабильную работу автотормозного оборудования грузовых вагонов. Из опыта прошлых лет, основное количество случаев нарушения безопасности приходится на зиму, – напомнил он собравшимся.

В завершение участники рассмотрели результаты выполнения решений весенней автотормозной конференции. Все они были выполнены. Также было принято решение осенней автотормозной конференции о внесении изменений в «Местную инструкцию по управлению автотормозами». По словам Дархана Кажигулова, необходимо решать вопросы, возникающие при эксплуатации автотормозного оборудования, всеми причастными к перевозочному процессу службами.

# ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА

**Любовь РОВБА,**
Астана

СОТРУДНИЧЕСТВО

**Актуальные вопросы в сфере транспорта обсудило руководство национальной компании «ҚТЖ» с главами железнодорожных администраций Узбекистана и Кыргызстана в Астане.**

В ходе встреч отмечена положительная динамика грузоперевозок между странами.

По итогам восьми месяцев нынешнего года объем перевозок грузов железнодорожным транспортом между Казахстаном и Узбекистаном составил свыше 20 миллионов тонн, что на 26,5% больше по сравнению с прошлым годом. Между Казахстаном и Кыргызстаном грузоперевозки увеличились на 12% по сравнению с 2022 годом.

Стороны обсудили вопросы дальнейшего развития сотрудничества. Речь шла об обеспечении бесперебойной перевозки таких грузов, как уголь, ГСМ и продовольственные товары, а также о повышении качества оказываемых услуг.

# ВЫПОЛНЕНЫ ВСЕ КЛЮЧЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

АКТУАЛЬНО

**Объем среднесуточной погрузки на сети АО «НК «ҚТЖ» в сентябре вырос на 6,7%.**

В течение сентября текущего года общее количество вагонов на сети снизилось на 10% и достигло 91 тысячи единиц. Избыточное число вагонов влияет на продвижение грузов и пассажирских поездов, на скорость перевозок. Железнодорожникам удалось ускорить оборот вагона на 1,1 сутки, или 16%. Это наилучший показатель с начала года.

Также улучшены среднесуточная производительность локомотива на 2,1%, среднесуточный пробег локомотива на 2,6%, средняя участковая скорость движения поезда на 1,9% и средняя техническая скорость на 1,2%. Все это позволило улучшить погрузочные возможности магистральной сети. В сентябре объем среднесуточной погрузки вырос на 6,7% к уровню аналогичного периода прошлого года.

# ДИСТАНЦИЯ ГОТОВИТСЯ К ЗИМЕ

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

ОСМОТР

**В Карагандинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-19) проводится осенний комиссионный осмотр, где проверяющими выявляются недочеты и проблемные места. На сегодняшний день предприятие усиленно готовится к зиме.**

В настоящее время работники дистанционных мастерских занимаются ремонтом кровли, отопительных систем, водоснабжения. В цехе трудятся 12 человек – штукатуры-маляры, слесари, сварщики, старший механик.

Как отметил старший электромеханик дистанционных мастерских Рафаэль Мусанипов, 13 объектов, дислоцирующихся по всей линии, железнодорожники приводят в порядок к зимнему периоду времени. Производятся обслуживание и ремонт зданий.

